

Исатай ауданында тұратын аз қамтамасыз етілген отбасыларға (азаматтарға) тұрғын үй көмегін көрсетудің мөлшері мен қағидасын айқындау туралы

Күшін жойған

Атырау облысы Исатай аудандық мәслихатының 2013 жылғы 07 ақпандағы № 94 -V шешімі. Атырау облысының Әділет департаментінде 2013 жылғы 04 наурызда № 2706 тіркелді. Күші жойылды - Атырау облысы Исатай аудандық мәслихатының 2014 жылғы 16 мамырдағы № 193-V шешімімен

Ескерту. Атырау облысы Исатай аудандық мәслихатының 16.05.2014 № 193-V шешімімен.

Р Қ А О е ск е р т п е с і .

**Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы
сақталған.**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23-қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабына, Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 сәуірдегі "Тұрғын үй қатынастары туралы" Заңының 97-бабының 2-тармағына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 14 сәуірдегі № 512 "Әлеуметтік тұрғыдан қорғалатын азаматтарға телекоммуникация қызметтерін көрсеткені үшін абоненттік төлемақы тарифінің көтерілуіне өтемақы төлеудің кейбір мәселелері туралы" қаулысына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 30 желтоқсандағы № 2314 "Тұрғын үй көмегін көрсету Ережесін бекіту туралы" қаулысына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 7 сәуірдегі № 394 "Жергілікті атқарушы органдар көрсететін әлеуметтік қорғау саласындағы мемлекеттік қызметтердің стандарттарын бекіту туралы" қаулысына сәйкес, аудандық мәслихат

ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Исатай ауданында тұратын аз қамтамасыз етілген отбасыларға (азаматтарға) тұрғын үй көмегін көрсетудің мөлшері мен қағидасы қосымшаға сәйкес айқындалсын.

2. Осы шешімнің орындалысын бақылау аудандық мәслихаттың халықты әлеуметтік, құқықтық қорғау, заңдылық, денсаулық сақтау, білім, мәдениет, жастар ісі және депутаттық этика жөніндегі тұрақты комиссиясына (К. Нұрманова)

жүктелсін.

3. Ескерту. З тармақтың күші жойылды - Атырау облысы Исатай аудандық мәслихатының 2013 жылғы 18 наурыздағы № 104-V шешімімен.

4. Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап

күшіне енеді және ол алғаш ресми жарияланғаннан кейін құнтізбелік он құн
өткен соң қолданысқа енгізіледі, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012
жылғы 16 қазандағы № 1316 қаулысына сәйкес осы қағиданың 2 тармағының 4)
тармақшасы және 7 тармағының 9) тармақшасы 2014 жылғы 1 қаңтарға дейін, 3
және 4 тармақтары 2012 жылғы 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізіледі және
2014 жылғы 1 қаңтарға дейін қолданыста болады.

**Ескерту. 4 тармаққа өзгеріс енгізілді - Атырау облысы Исатай аудандық
мәслихатының 04.02.2014 № 169-V шешімімен.**

Аудандық мәслихаттың кезекті

X сессиясының тәрағасы:

С. Ихсанов

Аудандық мәслихат хатшысы:

Ж. Кадимов

Аудандық

мәслихаттың

2013

жылғы

7

ақпандасы

№

94 - V

шешімімен бекітілген

Исатай ауданында тұратын аз қамтамасыз етілген отбасыларға (азаматтарға) тұрғын үй көмегін көрсетудің мөлшері мен қағидасы

1. Жалпы ережелер

1. Осы Қағидада мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) шекті жол берілетін шығыстар үлесі - телекоммуникация желісіне қосылған телефон үшін абоненттік төлемақының, жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалдаған тұрғын үйді пайдаланған үшін жалға алу ақысының ұлғаюы бөлігінде отбасының (азаматының) бір айда тұрғын үйді (тұрғын ғимаратты) күтіп-ұстаяға, коммуналдық қызметтер мен байланыс қызметтерін тұтынуға жұмсалған шығыстарының шекті жол берілетін деңгейінің отбасының (азаматтың) орташа айлық жиынтық кірісіне пайызben қатынасы;

2) уәкілетті орган - "Исатай аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі.

2. Тұрғын үй көмегі жергілікті бюджет қаражаты есебінен осы елді мекенде тұрақты тұратын аз қамтылған отбасыларға (азаматтарға):

1) жекешелендірілген тұрғын үй-жайларда (пәтерлерде) тұратын немесе мемлекеттік тұрғын үй қорындағы тұрғын үй-жайларды (пәтерлерді) жалдаушылар (қосымша жалдаушылар) болып табылатын отбасыларға (азаматтарға) тұрғын үйді (тұрғын ғимаратты) күтіп-ұстаяға жұмсалатын шығыстарға;

2) тұрғын үйдің меншік иелері немесе жалдаушылары (қосымша жалдаушылар) болып табылатын отбасыларға (азаматтарға) коммуналдық қызметтерді және телекоммуникация желісіне қосылған телефонға абоненттік

төлемақының өсуі бөлігінде байланыс қызметтерін тұтынуына;

3) жергілікті атқарушы орган жеке тұрғын үй қорынан жалға алған тұрғын үй-жайды пайдаланғаны үшін жалға алу төлемақысын төлеуге;

4) жекешелендірілген үй-жайларда (пәтерлерде), жеке тұрғын үйде тұрып жатқандарға тәулік уақыты бойынша электр энергиясының шығынын саралап есепке алатын және бақылайтын, дәлдік сыйыбы 1-ден төмен емес электр энергиясын бір фазалық есептеуіштің құнын төлеуге беріледі.

Аз қамтылған отбасылардың (азаматтардың) тұрғын үй көмегін есептеуге қабылданатын шығыстары жоғарыда көрсетілген бағыттардың әрқайсысы бойынша шығыстардың сомасы ретінде айқындалады.

3. Тұрғын үй көмегі телекоммуникация желісіне қосылған телефон үшін абоненттік төлемақының, жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалдаған тұрғын үй-жайды пайдаланғаны үшін жалға алу ақысының ұлғаюы бөлігінде тұрғын үйді (тұрғын ғимаратты) күтіп-ұстауға арналған шығыстарға, жекешелендірілген үй-жайларда (пәтерлерде), жеке тұрғын үйде тұрып жатқандарға тәулік уақыты бойынша электр энергиясының шығынын саралап есепке алатын және бақылайтын, дәлдік сыйыбы 1-ден төмен емес электр энергиясын бір фазалық есептеуіштің құнын төлеуге тұрғын үй көмегін көрсету жөніндегі шаралар қолданылатын, коммуналдық қызметтер мен байланыс қызметтерін тұтынуға нормалар шегінде ақы төлеу сомасы мен отбасының (азаматтардың) осы мақсаттарға жұмсаған, шекті жол берілетін шығыстар үлесі арасындағы айырма ретінде айқындалады.

4. Тұрақты тұратын адамдарға тұрғын үйді (тұрғын ғимаратты) күтіп-ұстауға арналған ай сайынғы және нысаналы жарналардың мөлшерін айқындастын сметаға сәйкес, тұрғын үйді (тұрғын ғимаратты) күтіп-ұстауға арналған коммуналдық қызметтер көрсету ақысын төлеу, сондай-ақ жекешелендірілген тұрғын үй-жайларында (пәтерлерде), жеке тұрғын үйде пайдалануда тұрған дәлдік сыйыбы 2,5 электр энергиясын бір фазалық есептеуіштің орнына орнатылатын тәулік уақыты бойынша электр энергиясының шығынын саралап есепке алатын және бақылайтын, дәлдік сыйыбы 1-ден төмен емес электр энергиясын бір фазалық есептеуіштің құнын төлеуге, жеткізушилер ұсынған шоттар бойынша тұрғын үй көмегі бюджет қаражаты есебінен көрсетіледі.

5. Шекті жол берілетін шығыстар үлесі телекоммуникация желісіне қосылған телефон үшін абоненттік төлемақының, жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалдаған тұрғын үйді пайдаланғаны үшін жалға алу ақысының ұлғаюы бөлігінде отбасының (азаматының) бір айда тұрғын үйді (тұрғын ғимаратты) күтіп-ұстауға, коммуналдық қызметтер мен байланыс қызметтерін тұтынуға жұмсалған шығыстарының жиынтық кірісіне 5 (бес) пайызда.

6. Жеке меншігінде біреуден артық тұрғын үйі бар (пәтер, үй) немесе тұрғын

үйді жалдануға (жалдауға) берген тұлғалар тұрғын үй көмегі тағайындалмайды.

Барлық санаттағы мүгедектерді және стационарлық емделуде бір айдан астам уақыт кезеңінде болатын адамдарды, магистранттар мен аспиранттарды қоса алғанда, күндізгі оқыту нысанында оқытын оқушылар мен студенттерді, тындаушылар мен курсанттарды, сондай-ақ I және II топтағы мүгетерді, 18 жасқа дейінгі мүгедек балаларды, жеті жасқа дейінгі балаларды бағып-күтумен айналысатын азаматтарды қоспағанда, жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі уәкілетті органдарда тіркелмеген жұмыссыздарға, уәкілетті органдар ұсынған жұмысқа, кәсіби даярлаудан, қайта даярлаудан, біліктілігін арттырудан дәлелсіз себептермен бас тартқан отбасына (азаматтар) тұрғын үй көмегі тағайындалмайды.

2. Тұрғын үй көмегін тағайындау тәртібі

7. Тұрғын үй көмегін тағайындау үшін отбасы (азамат) уәкілетті органға немесе халықта қызмет көрсету орталықтарына өтініш береді және мынадай құжаттарды

ұснады:

уәкілетті органға:

- 1) өтініш берушінің жеке басын қуәландыратын құжаттың көшірмесі;
- 2) тұрғын үйге құқық беретін құжаттың көшірмесі;
- 3) азаматтарды тіркеу кітабының көшірмесі не мекен жай анықтамасы, не өтініш берушінің тұрғылықты тұратын жері бойынша тіркелгенін растайтын селолық және/немесе ауылдық әкімдердің анықтамасы;
- 4) отбасы мүшелерінің табысын растайтын құжаттар;

5) тұрғын үйді (тұрғын ғимаратты) күтіп-ұстауға арналған ай сайынғы жарналардың мөлшері туралы шоттар;

6) коммуналдық қызметтерді тұтынуға арналған шоттар;

7) телекоммуникация қызметтері үшін түбіртек-шот немесе байланыс қызметтерін көрсетуге арналған шарттың көшірмесі;

8) жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалдаған тұрғын үйде пайдаланғаны үшін жергілікті атқарушы орган берген жалдау ақысының мөлшері туралы шот;

9) жекешелендірілген тұрғын-үй жайларда (пәтерлерде), жеке тұрғын үйде тұрып жатқандарға тәулік уақыты бойынша электр энергиясының шығынын сарапал есепке алатын және бақылайтын, дәлдік сыныбы 1-ден төмен емес электр энергиясын бір фазалық есептеуіштің құнын төлеуге тұрғын үй көмегін көрсету жөніндегі шаралар қолданылатын түбіртек-шот.

орталыққа:

- 1) отбасының табысын растайтын құжаттар;

2) тұрғын үйді (тұрған ғимаратты) күтіп-ұстауға арналған жарнаның мөлшері
т у р а л ы ш о т ;

3) коммуналдық қызметтерді тұтынуға арналған шот;

4) телекоммуникация қызметтері үшін түбіртек-шот немесе байланыс
қызметтерін көрсетуге арналған шарттың көшірмесі;

5) жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалдаған тұрғын үйді
пайдаланғаны үшін жергілікті атқарушы орган берген жалдау ақысының мөлшері
т у р а л ы ш о т ;

6) мемлекеттік қызмет алушының – жеке тұлғаның жеке басын
куәландыратын құжаттың көшірмесі;

7) тұрғын үйге құқық белгілейтін құжаттар;

8) азаматтарды тіркеу туралы мәліметтер (мекен-жай анықтамасы).

Құжаттың түпнұсқалары мен көшірмелері ұсынылады. Жауапты тұлға
құжаттарды қабылдаған сәтте ұсынылған көшірмелерді құжаттардың
түпнұсқасымен салыстырады және салыстыруды өткізгеннен соң түпнұсқаларды
қ а й т а р а д ы .

**Ескеरту. 7 тармаққа өзгеріс енгізілді - Атырау облысы Исатай аудандық
мәслихатының 04.02.2014 № 169-V шешімімен.**

8. Ұсынылған құжаттарды қарастыру қорытындылары бойынша атқарушы
орган құжаттарды тапсырған сәттен бастап күнтізбелік он күннің ішінде тұрғын
үй көмегі тағайындалғаны немесе бас тартқандығы туралы шешім қабылдайды
да, өтініш берушіге жазбаша түрде хабар береді.

9. Тұрғын үй көмегін есептегендегі бір айға бір отбасына келесі нормалар
қ а б ы л д а н а д ы :

1) электр энергиясын пайдалану мөлшері:

электр плиталарын пайдаланбайтындар:

1 адамға - 90 киловатт/сағат.

электр плиталарын пайдаланатындар:

1 адамға - 110 киловатт/сағат.

2) жыл ішінде жылу беру мерзіміне қатты отын мөлшері көлік шығынымен
есептегендегі әр айға 2 тонна мөлшерінде бекітіледі.

3) Табиғи газды пайдаланатын тұрғындар үшін табиғи газ мөлшері төленген
шот түбіртегі бойынша белгіленеді.

4) Су пайдалану нормасы бір отбасына 5 тоннадан аспауы керек.

5) Қоқыс шығару бір айға 1 отбасына (азаматқа) 1 контейнер.

6) Аудандық телекоммуникация желісінің абоненті болып табылатын
отбасыларға ағымдағы жылдың абоненттік ақысы осы жыл мен 2004 жылғы
қыркүйек айындағы абоненттік ақының айырмасымен есептеледі.

10. Өтемақы шараларымен қамтамасыз етілетін тұрғын үй аумағы бір адамға

18 шаршы метр, жалғыз тұратын азаматтар үшін 30 шаршы метрден аспайтын мөлшерде қабылданады.

3. Тұрғын үй көмегін алуға үміткер отбасының (азаматтардың) жиынтық табысын есептеу

11. Тұрғын үй көмегін алуға үміткер отбасының (азаматтың) жиынтық табысы тұрғын үй көмегін тағайындауға өтініш берген тоқсанның алдындағы тоқсандағы жиынтық табысы Қазақстан Республикасы Құрылымы және тұрғын үй–коммуналдық шаруашылық істері агенттігінің 2011 жылғы 5 желтоқсандағы № 471 бұйрығымен бекітілген "Тұрғын үй көмегін алуға, сондай-ақ мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын үйді немесе жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалдаған тұрғын үйді алуға үміткер отбасының (азаматтың) жиынтық табысын есептеу қағидасын бекіту туралы" бұйрығы негізінде жүзеге асырылады.

4. Тұрғын үй көмегін қаржыландыру және төлеу тәртібі

12. Аз қамтамасыз етілген отбасыларға (азаматтарға) тұрғын үй көмегін төлеуді қаржыландыру аудан бюджетінде тиісті қаржылық жылға қаастырылған қаражат негізінде жүзеге асырылады.

13. Тұрғын үй көмегін төлеу екінші деңгейлі банктер арқылы жүзеге асырылады.